	<p>т.б. дайын суреттерінің сыртын контурдан шығармай бастыру, бояу. Өртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру.</p> <p><i>(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік қызмет)</i></p> <p><b>«Құстар қалай ән салады?»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> .Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және</p>	<p>түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. <i>(көркем әдебиет-коммуникативтік қызмет)</i></p> <p><b>«Бақшада ма бауда ма?»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен</p>	<p>үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.</p> <p><i>(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік қызмет).</i></p> <p><b>«Ч,Щ дыбысымен танысу»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b>Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. <i>(сауат ашу негіздері коммуникативтік қызмет).</i></p> <p><b>« Жүк көліктер»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b>Сөйлеуде</p>	<p>сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.</p> <p><i>Көркем әдебиет коммуникативтік қызмет)</i></p> <p><b>«Жапырақтарды ажырату»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b>Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі, өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі. <i>(қоршаған ортамен таныстыру әлеуметтік қызмет)</i></p> <p>«Көктем келді, құс келді»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Құстардың қазақша атауларымен таныстыру.Құстарды танып</p>	<p>затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.</p> <p><i>(математика негіздері-танымдық қызмет)</i></p>
--	--	---	---	---	---



	<p>қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. (сауат ашу негіздері-коммуникативтік қызмет) <b>Математика негіздері.</b> <b>«Ауладағы көшеттер»</b> <b>Мақсаты:</b> Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. <i>математика</i></p>	<p>таныстыру. (қоршаған ортамен таныстыру әлеуметтік қызмет) <b>«Алма ағашының гүлдері»</b> <b>Мақсаты:</b> Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау<i>(жапсыру, сурет салу, мүсіндеу, қ</i></p>	<p>белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту. (математика негіздері-танымдық қызмет)</p>	<p>дұрыс атау. Кейбір жыл құстары туралы қысқаша мәлімет беру.<i>(қазақ тілі коммуникативтік қызмет)</i></p> <p>Дене шынықтыру (Спорт нұсқаушысының жоспары бойынша)</p>	
--	---	--	---	--	--

	негіздері- танымдық қызмет)  Музыка (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)	ұрастыру шығармашылы қ қызмет) «Көктем келді аулама» <b>Мақсат</b> <b>ы:</b> Көктемге байланысты сөздерді қазақша айтуға үйрету. Жыл мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айта алу. (қазақ тілі коммуникативт ік қызмет)			
<b>Серуенге дайындық</b>	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту) - Сауат ашу негіздері - Сөйлеуді дамыту - Көркем әдебиет - Дене шынықтыру - Қоршаған ортамен таныстыру				
<b>Серуен</b>	<b>1.Бақылау: Күнге бақылау.</b> Мақсаты:Баларға күн туралы айту.Сұрақ-жауап арқылы ой-өрістерін дамыту. <b>Мысал сұрақтар:</b> -Бүгін ауа райы	<b>1. Бақылау : Жаңбырды бақылау</b> Мақсаты:Жаңбыр жайлы түсінік беру, сөздік қорларын дамыту, қоршаған	<b>1.Бақылау:</b> <b>Желге бақылау</b> Мақсаты:Табиғат құбылыстарын бақылай білуге үйрету,тілдерін дамыту. <b>Жұмбақ.</b> Кейде сипап кетер,	<b>1. Бақылау:</b> <b>Ауа райын бақылау.</b> Мақсаты:Балаларды ауа райының әртүрлі құбылыстары жайлы білуге және оларды салыстыра білуге үйрету. <b>Көркем сөз. Жұмбақ жаттайық.</b>	<b>1.Бақылау:</b> <b>Еркін ойында Торғайды бақылау.</b> Мақсаты:Торғай жайлы мағлұмат беру.Балаларды құстарға қамқор бола білуге тәрбилеу. <b>Көркем сөз:</b> Торғай,торғай ,торғайсың

	<p>қандай? -Аспанда күлімдеп не тұр? -Күн неге ұқсайды? -Күн бізге несін төгіп тұр? <b>Еңбек:</b> Ауладағы гүлдерге су құю. Мақсаты: Қамқорлыққа тәрбиелеу, еңбектену дағдыларын қалыптастыру. <b>Қ/қ ойыны:</b> «Торғайлар мен автомобиль» <b>Жеке жұмыс:</b> Жұмбақ.  Таңмен көзін ашады,  Әлемге нұрын шашады. (Күн) <b>Еркін ойын.</b></p>	<p>ортаға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. <b>Көркем сөз</b> Жау-жау жаңбыр, жау жаңбыр, Жаушы жаңбыр. Менің әсем далама, Менің әсем қалама. <b>Сұрақтар:</b> -Қазір жылдың қай мезгілі? -Далада не жауып тұр? -Жаңбыр жауған пайдалы ма? <b>Еңбек:</b> Ойын алаңын жинау. Мақсаты: Баларды өздері ойнайтын алаңды таза ұстауға тәрбиелеу. <b>Қ/қ ойыны:</b> «Құстар мен мысық» <b>Жеке жұмыс:</b> Ұзындыққа секіру. <b>Еркін ойын.</b></p>	<p>Кейде ұйпап өтер. (жел) <b>Сұрақтар:</b> -Бүгін ауа райы қандай? -Жел бар ма? -Жел қай жақтан соғып тұр? -Жел қандай? -Біз оны көре аламыз ба? <b>Еңбек:</b> Ойын алаңына шығарылған ойыншықтарды жинау. Мақсаты: Баларды ұқыптылыққа тәрбиелеу. <b>Қ/қ ойыны:</b> «Құстарды ұшып келуі» <b>Жеке жұмыс:</b> Секіру, жүгіру, жүру дағдыларын бекіту. <b>Өзіндік іс-әрекеті:</b> қалаған ойындарын ойнау.</p>	<p>Көзге көрінбейді, Қолға ілінбейді. (Ауа) <b>Сұрақтар:</b> -Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Ауа райы қандай? -Ауа райының қандай өзгерістері болады? -Таза ауа қайдан пайда болады? -Ауаны таза ұстау үшін не істеу керек? -Ауаның түсі, иісі бола ма? <b>Еңбек:</b> Алаңды жинау. Мақсаты: Табиғатты аялауға тәрбиелеу. <b>Қ/қ ойыны:</b> «Құстар мен мысық» <b>Жеке жұмыс:</b> Түзу сызықтың бойымен жүріп өту. <b>Өзіндік іс-әрекет:</b> еркін іс-әрекеттер. <b>Еркін ойын</b></p>	<p>Жерден тары шоқып алғайсың. Бөтегенді томпайтып Биікте ұшып самғайсың. <b>Сұрақтар:</b> -Ауламызда нелер ұшып жүр? -Торғай қандай құс? -Түсі қандай? -Олар немен қоректенеді? <b>Еңбек:</b> құстарға жем шашу. Мақсаты: балаларды еңбексүйгіштікке, құстарға қамқор бола білуге тәрбиелеу. <b>Қ/қ ойыны:</b> «Аңшылар» <b>Жеке жұмыс:</b> көктем мезгілі туралы тақпақтарды қайталау. <b>Өзіндік іс-әрекеттері:</b> қалаған ойындарын ойнау. <b>р.</b></p>
--	--	---	--	--	---

Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен шешінуі, жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).
Түскі ас	<p><b>Гигиеналық шаралар:</b>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану:</p> <p>Қолды сабынмен жуу керек Сау болуымыз үшін. Микробтардың өмір сүруіне жол бермес үшін, <b>Кезекшілердің жұмысы:</b> ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже: Ас ішерде бір бірімізге жылы сөз айтып,арқаны дұрыс ұстап тамақтану кезінде сөйлемейміз. <i>(сөйлеуді дамыту коммуникативтік қызмет)</i> Ас ішіп болғаннан соң бата айтуға қалыптастыру Асқа байлық Денге саулық болсын Әумин!Рақмет апайлар! <i>(мәдени дағдылар)</i></p>
Күндізгі ұйқы	<p><b>Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.</b> <b>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b> <b>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тындау.картатека №2 «Гүл» ертегісін оқып беру (Көркем әдебиет коммуникативтік дағдылар)</b></p>
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	<p><b>Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі).</b> <b>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b> <b>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету</b> Қолды сабынмен жуу керек Сау болу үшін. Микробтардың өмір сүруіне жол бермеу үшін, <i>(мәдени-гигиеналық дағдылар).</i></p>
Бесін ас	<p><b>Гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар). Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу</b> Ас адамның арқауы</p>

	Тамақ оның тарқауы( <i>сөйлеуді дамыту</i> ).				
<b>Балалардың дербес іс-әрекеті</b>	<p><b>Сюжетті рөлдің ойын</b>  <b>«Кітапхана»</b>  <i>Мақсаты:</i> Ойын барысында қоршаған орта туралы алған білімдерін, кітапханалардың әлеуметтік маңыздылығын көрсету. Кітапхана қызметкерлері туралы түсініктерін нақтылау, қоғамдық орындағы мінез-құлық ережесін бекіту. Ойынды ойластыруын өз құрбыларының ойымен келістіру. Ойын барысында рөлдерді ауыстыру. Балалардың есте сақтауын, тілдерін дамыту  <i>(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту - коммуникативтілік, танымдық қызмет)</i></p>			<p><b>Кітап бұрышында жұмыс.</b>  Балаларды топпен жұмыс жасауға дағдыландыру, тазалыққа баулу (<i>айналадағылармен танысу-танымдық қызметі</i>)</p>	<p><b>«Достық» әнін қайталау.</b>  Сөйлеу мәнері мен есте сақтау қабілетін дамыту (<i>музыкалық қабілет, қызметі, сөйлеуді дамыту</i>)</p>
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	«Таныс тақпақтарды буынға бөліп оқимыз»	«Сырғанаймыз бәріміз» қимылды ойын	«Пішіндерді топтастыр» д\о <b>Мақсаты:</b> Бір	«Алма ағашы» мүсіндеу <b>Мақсаты:</b> Мүсіндеуді әртүрлі тәсілдерін	«Менің мамандығым» әңгіме <b>Мақсаты:</b> Әртүрлі

	<b>Мақсаты:</b> Дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айтуды, қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолдануды үйрету. <i>(сауат ашу негіздері коммуникативтік қызмет)</i>	<b>Мақсаты:</b> Биік емес төбешіктен сырғанауды, сал ауатты өмір салты туралы ұғымдарды түсіндіруді үйрету. <i>(дене шынықтыру физикалық қасиет)</i>	затты топтан бөлуді және топтарға біріктіре алуға үйрету. <i>(Математика негіздері Танымдық дағдылар)</i>	пайдалануды; ермексаздың кейбір қасиеттерін білуді үйрету. <i>(шығармашылық дағдылар)</i>	мамандықтардың еңбектерінің мазмұнын, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалауға үйрету..
<b>Серуенге дайындық</b>	<b>Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) тақырыбына жеке әңгімелер өткізу.</b>				
<b>Серуен</b>	Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат объектілерін бақылау (қоршаған ортамен таныстыру, бақылау зерттеу іс-әрекеті) <b>Қимылды ойын:</b> <b>«Кептерлерді қуып жет»</b> Табиғат құбылыстарын сезіне білуге үйрету. Балалардың қалауы бойынша жеке жұмыстар, еркін ойындар	Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат объектілерін бақылау (қоршаған ортамен таныстыру, бақылау зерттеу іс-әрекеті) <b>Қимылды ойын:</b> <b>«Қасқыр мен лақтар»</b> жылдамдыққа, нысанаға дәлдеп тигізе білуге үйрету. Балалардың қалауы	Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат объектілерін бақылау (қоршаған ортамен таныстыру, бақылау зерттеу іс-әрекеті) <b>Ұлттық ойын:</b> <b>«Ханталапай»</b> патриотизмге тәрбиелеу Балалардың қалауы бойынша жеке жұмыстар, еркін ойындар	Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат объектілерін бақылау (қоршаған ортамен таныстыру, бақылау зерттеу іс-әрекеті) Асықтардың түсуін бақылау. <b>Қимылды ойын:</b> <b>«Бояушы»</b> Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, Балалардың қалауы бойынша жеке жұмыстар, еркін ойындар	Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат объектілерін бақылау (қоршаған ортамен таныстыру, бақылау зерттеу іс-әрекеті) <b>Балшықтың пайда болуын зерттеу жасалған мүсіндерге ат қою.</b> Өсімдіктерге жасаған күтім нәтижесін көрсету. Балалардың қалауы бойынша жеке жұмыстар, еркін ойындар

		бойынша жеке жұмыстар, еркін ойындар			
<b>Серуеннен оралу</b>	<b>Балалардың киімін ретімен шешу, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, дербес және ойын әрекеті</b>				
<b>Ата-аналарға кеңес, балалардың үйіне қайтуы</b>	<p>Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.  Баланың тәрбиесі туралы әңгімелесу Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру.  Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу  Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.  Сәтті демалыс күндерін тілеп,балаларды шығарып салу.</p>				
	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Толкунов Артемның анасымен күн тәртібі туралы сөйлесу.	<b>Ата-аналармен кеңес:</b> «Мектепке баланы қалай дайындап жатсыз»	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналарға ұсыну.	<b>Ата-аналармен психолог кеңесі мен бөлісу:</b> «Баланың көңіліне қарап сөйлеу»	Ата аналарға демалыс күндері балалармен бірге серуендеуге ұсыныс жасау.Демалыс күндеріне сәттілік тілеу.

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы:** «Балапан»бөбекжай-бақшасы МКҚК

**Топ:** ортаңғы тобы

**Балалардың жасы:** 3 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 3 – 7 сәуір айы, 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 03.04.2023ж	Сейсенбі 04.04.2023ж	Сәрсенбі 05.04.2023ж	Бейсенбі 06.04.2023ж	Жұма 07.04.2023ж
Балаларды қабылдау «Нейро жаттығулар бұрышында»	«Нейро жаттығулар бұрышында»	«Нейро жаттығулар бұрышында»	«Нейро жаттығулар бұрышында»	«Нейро жаттығулар бұрышында»	«Нейро жаттығулар бұрышында»
Балалармен амандасу бұрышында	Балалармен амандасу бұрышында	Балалармен амандасу бұрышында	Балалармен амандасу бұрышында	Балалармен амандасу бұрышында	Балалармен амандасу бұрышында
сәлемдесу. Балаларда жағымды көңіл-күй қалыптастыру.	сәлемдесу. Балаларда жағымды көңіл-күй қалыптастыру.	сәлемдесу. Балаларда жағымды көңіл-күй қалыптастыру.	сәлемдесу. Балаларда жағымды көңіл-күй қалыптастыру.	сәлемдесу. Балаларда жағымды көңіл-күй қалыптастыру.	сәлемдесу. Балаларда жағымды көңіл-күй қалыптастыру.
Міндеті: Дауысты (ұ) және кейбір дауыссыз (с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту.	Міндеті: Дауысты (ұ) және кейбір дауыссыз (с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту.	Міндеті: Дауысты (ұ) және кейбір дауыссыз (с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту.	Міндеті: Дауысты (ұ) және кейбір дауыссыз (с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту.	Міндеті: Дауысты (ұ) және кейбір дауыссыз (с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту.	Міндеті: Дауысты (ұ) және кейбір дауыссыз (с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту.
Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету.	Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету.	Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету.	Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету.	Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету.	Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету.
Өз бетінше кітаптарды қарауға,	Өз бетінше кітаптарды қарауға,	Өз бетінше кітаптарды қарауға,	Өз бетінше кітаптарды қарауға,	Өз бетінше кітаптарды	Өз бетінше



	өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге баулу. Артикуляциялық жаттығу: «Жылан», «Ат шауып келеді», «Тіс тазалау». Дидактикалық ойын: «Үй жануарлары және олардың төлдері» Мақсаты: Балаларды дұрыс сөйлеуге, дыбыстарды анық айтуға үйрету. (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге баулу. Дидактикалық ойын: «Бізді қоршаған орта» Мақсаты: Балаларды дұрыс сөйлеуге, дыбыстарды анық айтуға үйрету. (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге баулу. Дидактикалық ойын: «Сиқырлы суреттер» Мақсаты: Балаларды дұрыс сөйлеуге, сахналауға және дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге баулу. (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге баулу. Дидактикалық ойын: «Ертегі желісі бойынша бір ертегі кейіпкерін тап» Мақсаты: Балаларды дұрыс сөйлеуге, сахналауға және дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге баулу. (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге баулу. Дидактикалық ойын: «Шалқан» Мақсаты: Балаларды дұрыс сөйлеуге, дыбыстарды анық айтуға үйрету. (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Міндеті: «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп	Міндеті: Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау. Дидактикалық ойын: «Тазалықтың достары» Таза бала мұнтаздай Сүйсінеді қараған. Ұқыпты деп бұл қандай	Міндеті: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету Дидактикалық ойын: «Біреуі артық» Мақсаты: «Біреу – көп» ұғымын бекіту;	Міндеті: Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау. Таза бала мұнтаздай Сүйсінеді қараған. Ұқыпты деп бұл қандай Жақсы көрер бар адам.	Міндеті: қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру. Дидактикалық ойын: «Сипап сезу арқылы санау» Мақсаты: Сипай сезіп

	көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру. Дидактикалық ойын: «Біреу және көп» Мақсаты: «біреу және көп» ұғымын ажыратуға үйрету. (Математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру)	Жақсы көрер бар адам. Ұқыпты осындай Болайықшы досымай. Мақсаты: балаларды тазалыққа, дербестікке баулу. (Қоршаған ортамен таныстыру)	ойлау қабілеттерін дамыту; заттарды топтастыра білуге үйрету. (Математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру)	Ұқыпты осындай Болайықшы досымай Сюжетті-рөлді ойын: «Дәрігер» Мақсаты: тазалықтың денсаулыққа маңыздылығын түсіндіру. (қоршаған ортамен таныстыру)	санау арқылы қарамай-ақ екі топтағы заттарды салыстыруға үйрету (артық, кем, тең); санау дағдыларын бекіту; салыстыруда беттестіру тәсілін қолдана білу. (Математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру)
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүру. Шеңбер бойы тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. Б. қ: «Ара ұшты» Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. Басты оң иықтан сол иыққа қарай, сол оңға қарай иілту. «з-з-з» деп айту. /5 рет қайталау/ Б.қ.: «Көбелек қонды» Аяқтары иық мөлшерінде. Қолдары артта. Иыққа қонған көбелекті көру. басты оңға, солға бұру, «қонды» деп айту. /6 рет қайталау/ Б. қ.: «Оң-сол» Аяқтары алшақ қойылған, ленталар төменде. басты оңнан-солға қарай бұрып «сол жақ» деп айту, солдан-оңға қарай бұрып «оң жақ» деп айту. /6 рет қайталау/ Б.қ.: «Тик-так» Аяқтары алшақ, қолдары белде. «Тик» сөзін айтып басты оңға қисайту, «так» сөзін айтып басты тік ұстау, басты солға қисайтып қайталау. (6 рет қайталау) Қорытынды: Шеңбер бойымен жүру (Дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Асың, асың, асыңа, Бақыт қонсын басыңа, Дастарханың мол болсын, Көңіл күйің жай болсын.				

Астарың дәмді болсын!					
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, ойын, танымдық әрекеттер				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	<p>Денешынықтыру</p> <p>Тақырыбы: «Бір, екі, үш, балалар алды күш!» Міндеті: Жүру. Еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу</p> <p>Шеңбер бойымен тұрып:</p> <p>1. Жалпы жетілдіруші жаттығулар. (бас, дене, аяқ бөліктеріне арналған)</p> <p>2. Негізгі қимылды жетілдіруші жаттығулар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Жүру.</li> <li>- Еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу.</li> </ul> <p>Қадағалау, бақылау.</p> <p>Қимылды ойын: «Қарағайлы ормандағы аю»</p> <p>Мақсаты: Қимыл-</p>	<p>Дене шынықтыру</p> <p>Тақырыбы: «Арқанмен ойнау шынықтырады» Міндеті: Тепе-теңдікті сақтау. Арқан бойымен жүру, тура жолмен жүру</p> <p>Шеңберде:</p> <p>1. Жалпы жетілдіруші жаттығулар. (бас, дене, аяқ бөліктеріне арналған)</p> <p>2. Негізгі қимылды жетілдіруші жаттығулар</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Тепе-теңдікті сақтау.</li> <li>- Арқан бойымен жүру, тура жолмен жүру.</li> </ul> <p>Бақылау, қадағалау.</p> <p>Көмек беру.</p> <p>Қимылды ойын: «Паравоз»</p> <p>Мақсаты: Қимыл-қозғалыс дағдыларын</p>	<p>Музыка</p> <p>Пән жетекшісі жүргізуімен.</p>	<p>Дене шынықтыру (таза ауада)</p> <p>Тақырыбы: «Тату бола білеміз!» Міндеті: Жүгіру. Қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін) жүгіру</p> <p>Қимылды ойын.</p> <p>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту.</p> <p>1. Жалпы жетілдіруші жаттығулар. (бас, дене, аяқ бөліктеріне арналған)</p> <p>Жүгіру. Қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін) жүгіру.</p> <p>Қимылды</p>	<p>Қазақ тілі</p> <p>Тақырыбы: «Логопедиялық ләпбук» Міндеті: Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамытуды жалғастыру.</p> <p>Ұйымдастыру бөлімі: Біз қандаймыз, қандаймыз. Шұғылалы таңдаймыз. Күлімдеген күндейміз. Еш уайымды білмейміз.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Сикырлы суреттер»</p> <p>Мақсаты: Сөздерді дұрыс қолдана білуге үйрету.</p> <p>Сергіту сәтін орындау: «Көгершіндер»</p> <p>Біз ұшамыз, ұшамыз, Бар әлемді құшамыз.</p> <p>/Қолды екі жаққа қанатша керіп, бірінің артынан бірі шеңбер жасай жүгіру/</p> <p>Әрбір үй мен қалаға, Тыныштық бақыт сыйлаймыз.</p> <p>/Бір - бірінің қолдарынан</p>

	қозғалыс дағдыларын жетілдіру. Тыныс алу жаттығуы: «Шар үру» Еркін ойындар ойнау.	жетілдіру. Тыныс алу жаттығуы: «Шар үру» Еркін ойындар ойнау.		ойын:«Ұшақтар» Мақсаты:Қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіру. Тыныс алу жаттығуы: «Шар үрлеу» қадағалау, бақылау. Еркін ойындар.	ұстап шеңбер құру/ Бірімізбен біріміз, Қанекей дос болайық. /Қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру/ Артикуляциялық жаттығу: «Дәмді тосап», «Ат шауып келеді», «Тіс тазалау» Дидактикалық ойын: «Сиқырлы доп» Мақсаты: Жаңа сөздер тауып айту. Тыныс алу жаттығуы. Еркін ойындары.
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық – ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.				
Серуен	Серуен:№1Ауа райын бақылау. Көктемгі ауа райы өте құбылмалы,бірақ күннен-күнге күн жылына бастайды. Ауа қысымы көтеріледі. Ашық күндер көп болып,күн сәулесін мол шашады.Аспан сұрғылт түсін ашық көк түске	Серуен: №2 Күнді бақылау. Күннің аңыздылығы адам өмірінде өсімдік пен жануарлар әлеміндегі алатын орны жайында түсінік қалыптастыру. Күн көзінің көктем кезіндегі белсенді өзгерісін көруге үйрету(жоғары көтеріледі, шуақтары	Серуен: № 3 Желді бақылау. Көктемгі жел құбылмалы. Егер солтүстіктен соқса өткір және суық болады. Мұндай желді көктемгі дауыл әкеледі, ағаштарды сықырлатып шайқалтады, терезеге қар соқтырады. Оңтүстік жел жылы	Серуен:№4 Аспанды бақылау. Балалардың көктемгі аспанға назар аударуларын талап ету. Аспанның қыста қандай болатынын, қазіргі кезі қандай екенін нақтылау. (Қыста аспан- сұр,ал қазір - көкшіл) Бақылау барысында көркем	Серуен:№5 Шоғырланған бұлттарды бақылау.Ауа райының жылуына байланысты олардың пайда болатынын түсіндіру. Қардың еруі қалай тез болса,бұлттар да сонша көбейе түседі. Олар қысты күндегідей аспанды

<p>алмастырады. Көктемнің алғашқы айы мен соңғы айын салыстыра білуге үйрету. Ауа райының өзгерісін анықтап оны ажырата білуді жалғастыру. Балалардың байқампаздығын, табиғат пен қарым-қатынасын дамыту. Қимылды ойын «Қасқыр мен лақтар» Белгі бойынша ұзындыққа секіруді жалғастыру (лақтар алаңда жүгіреді); жүргізуші қасқырдың көзіне түспей, алаңда жүреді. Ойын шартын бұзбау, ұсталғандары шетке шығады. Шапшаңдық пен бейімділікті дамыту. Еңбек іс-әрекеті Топырақты тұқым салуға дайындау. Еңбектенуге деген қабілетін</p>	<p>жылу шашқанда, қарай алмайсын). Тақырып бойынша белсенді сөздікті дамыту. Қимылды ойын «Күн мен бұлт» Шеңбер бойында жұппен тұруды жалғастыру, ойын ережесін сақтау. «Күн» деген сөзді естігенде қыдырып жүреді, ойнайды, «түн» сөзінде тығылады. Еңбек әрекеті Гүл тұқымын топыраққа егу. Балаларға жұмыстың қарапайым, оңай түрін үйрету. Құрал-саймандарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен сараптама Тапсырма 1. Ауладан күнге қызған затты табу. Оның неден</p>	<p>леппен және ауа райын өзгертіп, жаңбыр жаудырады. Балалардың көктем мезгіліндегі құбылыстар жайында білімдерін кеңейту, желдің аспандағы бұлттарға олардың қозғалысына әсерін тигізетінін айту. Қимылды ойын «Қақпақ пен таяқ». Еңбек іс-әрекеті Қажеттілік бойынша жұмыс. Балаларға топыраққа су құю барысында мұқият болуды, өз еңбегінің қажеттілігін түсіне білуге үйрету. Өсімдікті күту барысында тыңғылықты жұмыс атқара білуге тәрбиелеу. Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптама «Жақсы, жаман»</p>	<p>сөзді қолдануды үйрету. Қимылды ойын «Қазым, қазым қаңқылда!» Ойын шартына сай түрлі қимылдар жасауға үйрету. Балалардың ойында қырағылық, шапшаңдық таныта білдіруіне назар аудару. Еңбек іс-әрекеті Тұқымды қарашірікке отырғызу. Топырақты жәшіктерге өз беттерімен салуды үйрету, оған тұқым себу. Құралдарға деген ұқыптылықты тәрбиелеу. Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен сараптама «Көктемге арнап бояу табайық» Балалардың жыл мезгілі туралы</p>	<p>толық баспайды. Тек шоғырланып жүреді. Осы бұлттар ұлпа мақтадай түрлі пішінде тегіс негізде болады. Шоғырланған бұлтты аспаннан көріп, қайталанбас сұлулығын байқай білуге үйрету. Шығармашылық қабылдауын дамыту. Қимылды ойын «Кілттер» Кеңістікті бағдарлап жылдам әрекет жасауға үйрету. Бастаушы шеңбер бойымен жүріп, кілт кімде деп сұрайды. Балалар жауап беріп орындарын ауыстырады. Бастаушы бос шеңберді жылдам алып қою керек. Шеңберсіз бос қалған бала бастаушы орнына болады. Балалардың</p>
--	---	---	--	---

	<p>дамыту, бастаған ісін аяқтау, үлкендерге көмектесу.</p> <p>Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен сараптама «Ауа райын сипатта!»</p> <p>Балалардың ауа райына байланысты сөзді таңдап алуды үйрету. (жылы, ашық, суық, құрғақ, желді, жаңбырлы, тұманды)</p> <p>Өзіндік іс-әрекет</p> <p>Ойын барысында балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын қадағалау, олардың іс-әрекеті мен қылықтарын білдіру, өз ойын іске асыру. (Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру)</p>	<p>жасалғанын айту.</p> <p><u>Қорытынды.</u> Алдымен темір заттар қызады.</p> <p><u>Тапсырма 2.</u> Қай зат тез ысиды?</p> <p><u>Қорытынды.</u> Ақшылға қарағанда қара заттар тез ысиды.</p> <p><u>Тапсырма 3.</u> Ағаштың көлеңке жағымен күн түсетін тұсын ұстап көру.</p> <p><u>Қорытынды.</u> Күн түскен жақ жылы, ал көлеңке жағы суық.</p> <p>Өзіндік іс-әрекет</p> <p>Әр балаға өзін қызықтыратын іспен айналысуға жағдай туғызу.</p> <p>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру)</p>	<p>Табиғатта болып жатқан құбылыстардың жақсы және қарама-қайшы тұстарын көре білуге үйрету.</p> <p>Өлі табиғат пен тірі табиғаттың бір-бірімен байланысын; ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту. (Балаларға желдің әсерінен болған жағымды-жағымсыз жағдайды айта білуді ұсыну).</p> <p><u>Тапсырма.</u></p> <p>«Бұлттардың қозғалысына байланысты жел күшін анықтау».</p> <p>Өзіндік іс-әрекет</p> <p>Көңілді тыныш сәтті қолдауды қарастырып, өзіндік жұмысты мадақтау (Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен</p>	<p>білімін тиянақтау-көктем табиғаттағы өзгеріс. Өсімдіктер мен жануарлардың көктемде бояуы қанық болатынын түсіндіру.</p> <p>Байланыстыра сөйлеуді дамыту.</p> <p>Өзіндік іс-әрекет</p> <p>Дәлізде ойынға, оқу іс-әрекетіне қолайлы жағдай туғызу. Ауа райының жағымды тәртіп дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру)</p>	<p>ойынға деген қызығушылығын арттыру. Еңбек іс-әрекеті</p> <p>Еңбекті ынтамен жасауларын қалыптастыру.</p> <p>Дидактикалық ойын.</p> <p>Тәжірибе мен сараптама «Бұлт неге ұқсайды?»</p> <p>Түрлі заттар мен жануарлардың келбетін таба білуге үйрету. Қиялын, шығармашылық қабылдауын дамыту.</p> <p>Өзіндік іс-әрекет</p> <p>Балалардың бірлескен мықты нәтижелі еңбегіне баға беріп, құптау.</p> <p>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру)</p>
--	---	---	--	--	--

			таныстыру, дене шынықтыру)		
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарғатұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта қиетінің қиымдеріне өзбетінше ауыстырып, киюін үйрету. ( дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жекесүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоюын қалыптастыру. Тамақтану кезінде орындық татикотыру. Астыңдәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану, нан қиқымын шашпай, сорпа мен сусынын төкпей ішуді үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік әрекет; Көркем әдебиет - коммуникативтік, танымдық әрекет (кітап оқып беру); Музыка – шығармашылық әрекет (музыка тыңдау); Қоршаған ортамен таныстыру – танымдық, еңбек (түймелерін, киімдегі ілгектерді өзбетінше шешу, киімдерді орындыққа немесе арнайы сөреге ұқыпты ілу);				
Біртіндеп ұйқыдан ояту. Сауықтыру шаралары	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік әрекет; Музыка – шығармашылық әрекет (балаларды музыкамен біртіндеп ұйқыдан ояту); Дене шынықтыру - қимыл белсенділігі (орындарында отырып, дене жаттығуларын, тыныс алу жаттығуларын орындау); Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, танымдық әрекеттер (реттілікпен өзбетінше киіну, түймелерін салу, аяқ киімді дұрыс кию, қыздардың шашын тарау, өру);				
Бесін ас	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет көрсету (бесін ас алдында гигиеналық шараларды орындау, көркем сөз қолдану) Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті (кезекшілердің әрекеті) Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, танымдық әрекеттер (тамақтану)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,	Міндеті: Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және	Міндеті: Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және	Міндеті: Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және	Міндеті: Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және	Міндеті: Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және

кітаптарқарау жәнетағы басқа әрекеттер)	көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану. Қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйретуді жалғастыру, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары және олардың реңктерін қолдану. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдануды үйрету. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсінуді жетілдіру.	көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану. Қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйретуді жалғастыру, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары және олардың реңктерін қолдану. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдануды үйрету. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсінуді жетілдіру. Дидактикалық ойын:	көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану. Қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйретуді жалғастыру, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары және олардың реңктерін қолдану. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдануды үйрету. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсінуді жетілдіру.	көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану. Қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйретуді жалғастыру, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары және олардың реңктерін қолдану. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдануды үйрету. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді	көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану. Қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйретуді жалғастыру, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары және олардың реңктерін қолдану. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдануды үйрету. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын
---	--	---	--	---	--



	Дидактикалық ойын: «Гүлдер» Мақсаты: Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, шығармашылық қабілеттерін шыңдау. (Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру, музыка)	«Кемпіркөсақ» Мақсаты: Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, шығармашылық қабілеттерін шыңдау. (Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру, музыка)	Дидактикалық ойын: «Әдемі жалаушалар» Мақсаты: Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, шығармашылық қабілеттерін шыңдау. (Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру, музыка)	қалыптастыру; әннің мазмұнын түсінуді жетілдіру. Дидактикалық ойын: «Көбелектер» Мақсаты: Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, шығармашылық қабілеттерін шыңдау. (Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру, музыка)	түсінуді жетілдіру. Дидактикалық ойын: «Моншақтар» Мақсаты: Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, шығармашылық қабілеттерін шыңдау. (Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру, музыка)
Баламен жеке жұмыс	Жомартқа қажетті сөздер мен сөз тіркестерін анық айтуға үйрету.	Томириске заттар мен бұйымдарды өз бетінше мүсіндеуге үйрету.	Сұлтанханға ересектермен, құрдастарымен еркін сөйлесе білуге үйрету.	Жангүлге қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстармен берілген сөздерді дұрыс айта білуге үйренеді.	Абайғабіртекті заттарды топтастыруға, бөліп көрсетуге үйрету.
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; Серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
Серуен	Серуен: №1 Ауа райын бақылау.	Серуен: №2 Күнді бақылау.	Серуен: №3 Желді бақылау.	Серуен: №4 Аспанды бақылау.	Серуен: №5 Шоғырланған бұлттарды бақылау.
Балалардың үйге қайтуы	Ауа райына байланысты баланың киімі туралы әңгіме	Баланың бүгінгі тәртібі жайлы әңгімелесу	Баланың бүгінгі тәртібі жайлы әңгімелесу	Баланың бүгінгі көңіл-күйін баяндау	Алда болатын іс-шараларға қатысты әңгіме

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы:** «Балапан»бөбекжай-бақшасы МКҚК

**Топ:** ортаңғы тобы

**Балалардың жасы:** 3 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 10 – 14 сәуір айы, 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 10.04.2023ж	Сейсенбі 11.04.2023ж	Сәрсенбі 12.04.2023ж	Бейсенбі 13.04.2023ж	Жұма 14.04.2023ж
Балаларды қабылдау «Нейро жаттығулар бұрышында»	«Нейро жаттығулар бұрышында» Балалармен сәлемдесу. Балаларда жағымды көңіл-күй қалыптастыру. Дидактикалық ойын: «Қарама-қарсы сөзді тап» Мақсаты: Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді антонимдерді дұрыс айтуға баулу. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты дамыту. Бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету. (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	«Нейро жаттығулар бұрышында» Балалармен амандасу бұрышында сәлемдесу. Балаларда жағымды көңіл-күй қалыптастыру. Дидактикалық ойын: «Бізді қоршаған орта» Мақсаты: Зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдана білуге үйрету. қарапайым көріністерді ойнауға баулу. Сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамытуды жалғастыру. (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	«Нейро жаттығулар бұрышында» Балалармен амандасу бұрышында сәлемдесу. Балаларда жағымды көңіл-күй қалыптастыру. Дидактикалық ойын: «Сиқырлы суреттер» Мақсаты: Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар жаттауға баулу. Жеке репликалардың эмоционалды образын беруге дағдыландыру. Ересектермен диалог құруды жалғастыру. (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	«Нейро жаттығулар бұрышында» Балалармен амандасу бұрышында сәлемдесу. Балаларда жағымды көңіл-күй қалыптастыру. Дидактикалық ойын: «Жақсы-жаман» Мақсаты: Баланың сөздік қорын дамытуда тақпақтар жаттауға баулу. Жеке кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге дағдыландыру. Ересектермен диалог құруды жалғастыру. (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	«Нейро жаттығулар бұрышында» Балалармен амандасу бұрышында сәлемдесу. Балаларда жағымды көңіл-күй қалыптастыру. Дидактикалық ойын: «Кәне, табайық» Мақсаты: Баланың сөздік қорын дамытуда жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Жеке репликалардың, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге дағдыландыру. Ересектермен диалог құруды жалғастыру.

				дамыту, көркем әдебиет)	(Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дидактикалық ойын: «Қарама-қарсы белгілер» Мақсаты: Заттардың санын ажыратуға үйрету. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру. (Математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру)	Дидактикалық ойын: «Бізді қоршаған орта» Мақсаты: біртекті заттарды топтастыруға үйрету. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру. (Математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру)	Дидактикалық ойын: «Кім алғыр?» Мақсаты: Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табуға үйрету. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру. (Математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру)	Дидактикалық ойын: «Ажырат» Мақсаты: Біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсетуге үйрету. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру. (Математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру)	Дидактикалық ойын: «Төртіншісі артық» Мақсаты: Біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру үйрету. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру. (Математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру)
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				

	<p>Кіріспе бөлімі:  Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүру. Шеңбер бойы тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.  Б. қ: «Ара ұшты» Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. Басты оң иықтан сол иыққа қарай, сол оңға қарай иілту. «з-з-з» деп айту. /5 рет қайталау/  Б.қ.: «Көбелек қонды» Аяқтары иық мөлшерінде. Қолдары артта. Иыққа қонған көбелекті көру. басты оңға, солға бұру, «қонды» деп айту. /6 рет қайталау/  Б. қ.: «Оң-сол» Аяқтары алшақ қойылған, ленталар төменде. басты оңнан-солға қарай бұрып «сол жақ» деп айту, солдан-оңға қарай бұрып «оң жақ» деп айту. /6 рет қайталау/  Б.қ.: «Тик-так» Аяқтары алшақ, қолдары белде. «Тик» сөзін айтып басты оңға қисайту, «так» сөзін айтып басты тік ұстау, басты солға қисайтып қайталау. (6 рет қайталау)  Қорытынды: Шеңбер бойымен жүру(Дене шынықтыру)</p>				
Таңғы ас	<p>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Асың, асың, асыңа,  Бақыт қонсын басыңа,  Дастарханың мол болсын,  Көңіл күйің жай болсын.  Астарың дәмді болсын!</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекеттер				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	<p>Денешынықтыру  Тақырыбы:«Бірінші бол!»Міндеті:Қарқынды өзгертіп, жылдамды (10-20 метрге дейін) жүгіру  Шеңбер бойымен тұрып:  1.Жалпы жетілдіруші жаттығулар.(бас,</p>	<p>Дене шынықтыру  Тақырыбы:«Бізбен бірге және бізден артық орында»Міндеті:Оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру, оң және сол қолмен тік нысанаға</p>	Музыка Пән жетекшісі жүргізуімен.	<p>Дене шынықтыру (таза ауада)  Тақырыбы:  «Аулада ойнайтын ойындар»Міндеті:  Қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста»,</p>	<p>Қазақ тілі  Тақырыбы:«Біздің айналамыздағы әлем»Міндеті:Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.  Ұйымдастыру бөлімі:Біз қандаймыз, қандаймыз.</p>

	<p>дене, аяқ бөліктеріне арналған)  2.Негізгі қимылды жетілдіруші жаттығулар:  -Қарқынды өзгертіп, жай, жылдам (10-20 метрге дейін) жүгіреді.  Қадағалау, бақылау.  Қимылды ойын: «Доптар мектебі»  Мақсаты:Қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіру.  Тыныс алу жаттығуы: «Шар үру»  Еркін ойындар ойнау.</p>	<p>(нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық)  Ұйымдастыру бөлімі:  Шеңберде:  1.Жалпы жетілдіруші жаттығулар.(бас,дене, аяқ бөліктеріне арналған)  2.Негізгі қимылды жетілдіруші жаттығулар  -Оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтырады.  - Оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық) лақтырады.  Бақылау, қадағалау.  Көмек беру.  Қимылды ойын: «Кеглиді көзде»  Мақсаты:Қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіру.  Тыныс алу жаттығуы:</p>		<p>«тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету.  Спорттық жаттығулар. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен тебуге үйрету.  Жалпы жетілдіруші жаттығулар.(бас,дене, аяқ бөліктеріне арналған)  Жүгіру.Қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін) жүгіру.Қимылды ойын:«Допты қуып жет»  Мақсаты:Қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіру.  Тыныс алу жаттығуы: «Шар үрлеу» қадағалау, бақылау. Еркін ойындар.</p>	<p>Шұғылалы таңдаймыз.  Күлімдеген күндейміз  Еш уайымды білмейміз.  Артикуляциялық жаттығу: «Дәмді тосап», «Ат шауып келеді», «Тіс тазалау»  Дидактикалық ойын: «Сиқырлы суреттер»  Мақсаты:Санамақтар, тақпақ, жаңылтпаштар айту барысында, артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды дамытуды жалғастыру.  Сергіту сәтін орындау:«Көгершіндер»  Біз ұшамыз, ұшамыз,  Бар әлемді құшамыз.  /Қолды екі жаққа қанатша керіп, бірінің артынан бірі шеңбер жасай жүгіру/  Әрбір үй мен қалаға,  Тыныштық бақыт сыйлаймыз.  /Бір - бірінің қолдарынан ұстап шеңбер құру/  Бірімізбен біріміз,  Қанекей дос болайық.  /Қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру/</p>
--	---	--	--	---	---

		«Шар ұру» Еркін ойындар ойнау.			Артикуляциялық жаттығу: «Дәмді тосап», «Ат шауып келеді», «Тіс тазалау» Ойын-жаттығу: «Сиқырлы доп» Мақсаты: Жаңа сөздер тауып айту. Тыныс алу жаттығуы. Еркін ойындары.
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық – ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.				
Серуен	Серуен:№11 Ағаштарға бақылау жасау. Балалармен бірге ауладағы ағашты қарау: ағаштың бүрлерінің астынан кішкентай жапырақ өскіндері өсіп келе жатқанын бақылау. Ағаштарды бүрлері мен бұтақтарына қарап айыра білуге үйрету. Терек пен аққайыңның бұтағын салыстыру(аққайыңның бұтағы жіңішке, иілгіш, қабығ	Серуен:№12 Аққайыңның шырын бөлген уақытын бақылау. Балалардың назарын аққайыңға аудару. Көктем келісімен ағаштардың шырындық қозғалысы болатынын атап өту. Бұл процесс көкетмде еріген қардың суын тамыры арқылы жұтып, шырын бөліндісі содан пайда болатынын түсіндіру. Ол қыс бойғы	Серуен: № 13 Бақта өсетін ағаштардың гүлденуін бақылау. Ағаштарды түсіне қарай қарау, жәндіктердің үймелеуін белгілеу, гүлдеген ағаштардың сұлулығын айыра білу, ағаштардың пайдасы жөнінде балалардың түсінігінде қалыптастыру. Эстетикалық талғам мен сезімді тәрбиелеу.	Серуен:№14 Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау. Балалармен жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті қарау. Күн көп түсетін жерде алғашқы шөптер қылтиып шыға бастайтынын бекіту. Күн қыза бастады, қар еріді, топырақ жылынды, көк шөп өсті, яғни балаларды осылай қорытынды жасай білуге	Серуен:№15 Бақбақтың өсуін бақылау Бақбақтың құрылымы жайлы балалардың білімдерін бекіту. Өсімдіктің өсуі және өсу реті туралы түсініктерін нығайту. Бақбаққа және басқа өсімдіктерге ықыласпен қарауды тәрбиелеу. Байқампаздықты дамыту. Қимылды ойын «Гүлдер»

